

"Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті мазмұнның көлемі туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау , қорыту және талдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 647 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 13 ақпандағы № 71 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 15 ақпанда № 8335 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 77 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2014 № 77 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті мазмұнның көлемі туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау , қорыту және талдау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылдың 30 желтоқсандағы № 647 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 5480 тіркелген, Қазақстан Республикасы 2009 жылғы № 4 Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік орталық органдардың актілерінің жинағында жарияланған) бұйрығына (бұдан әрі - Бұйрық) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті мазмұнның көлемі туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау, қорыту және талдау ережесінде:

1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу әдіснамасы департаменті (Г.Ә. Әмрина) белгіленген тәртіп бойынша осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрық оны бірінші ресми жариялаған күннен кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

Министр

Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2013 жылғы 13 қаңтардағы № 71

бұйрығына қосымша

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті мазмұнның көлемі туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау, қорыту және талдау қағидасына 1-қосымша нысаны

(тапсырыс берушінің атауы)

_____ жылғы ____ тоқсандағы жүргізілген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы 1-ГЗ есеп

Сатып алу тәсілі	Жол коды	Саны			Сатып алуға бөлінген сома (теңге)	Сатып алудың жалпы көлемі (теңге)	оның ішінде шетелдік өнім берушіде	Жүргізілген сатып алудан шартты өнемдеу (теңге)
		оның ішінде шетелдік өнім берушілер	жеңімпаз өнім берушілер	оның ішінде шетелдік өнім берушілер				
Конкурс тәсілімен жүргізілген мемлекеттік сатып алу								
Барлығы								
оның ішінде екі сатылы рәсімдерді пайдалана отырып								
аукцион тәсілімен жүргізілген мемлекеттік сатып алу								
Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізілген мемлекеттік сатып алу								
Бір көзден алу тәсілімен жүргізілген мемлекеттік сатып алу								
Оның ішінде дәрменсіз деп танылған конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу бойынша								

Оның ішінде дәрменсіз деп танылған аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу бойынша								
Оның ішінде дәрменсіз деп танылған баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу бойынша								
Заң нормаларын қолданбай жүзеге асырылған мемлекеттік сатып алу								
Тауар биржасы арқылы өткізілген мемлекеттік сатып алу								
Жүргізілген сатып алулардың жиыны								